

№8 Мойынқұм колледжі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізудің

№1 Хаттамасы

« 08 » 06. 2026

Мойынқұм ауылы

Наушабекова Айгуль Айтбайқызы –директор

Қуанышұлы Асқар- директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары

Еркебаева Фарида Күлдіманасқызы- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Нағымбаева Гульнафис –әдіскер

Карибекова Ляззат Тәжібайқызы- бас есепші

Киргизбаева Салтанат Асылханқызы- іс жүргізуші.

Күн тәртібінде:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы және ұсыныстар.

2.Әр-түрлі сұрақтар.

Тыңдалды:

1.Бірінші сұрақ бойынша колледж директоры А.Наушабековаға сөз берілді. Директор өз сөзінде ішкі талдау жүргізудің мақсаттарымен міндеттерін түсіндіріп,колледждің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оларды төмендету үшін жүргізілетін талдаудың маңызды екенін атап өтіп. Ішкі талдау жұмысының нәтижелерімен таныстырды.

1.Әкімшілік қызметтің ашықтығы бойыншы: Колледжде қызметтік міндеттерді асыра пайдалану жағдайлары анықталмады.

2.Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті бойынша: Барлық қызметкерлердің 100%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы біледі.

3.Қаржылық және есептік процестер: Қаржылық есеп беру мен ресурстарды бөлу процесі тексерілді. Бұл салада айтарлықтай тәуекелдер анықталмады.

4.Оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым –қатынас: Студенттер тарапынан оқу бағаларын көтеру немесе басқада жеке мүдделер үшін ұсыныстар,артықшылықтарға қатысты шағымдар тіркелген жоқ.

5.қуанышұлы Асқар – директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары сөзінде, оқу ісі саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы мәлімдеме жасады. Асқар мырза, колледжде білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін барлық оқу

бағдарламаларының сапасын бақылау жүйесі күшейтілгенін атап өтті. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында: студенттердің бағалау жүйесін объективті жүргізу, емтихан тапсырмаларын дайындау және бағалау рәсімдеріндегі әділдікті қамтасыз ету қажеттігін айтты. Сонымен қатар, студенттермен оқытушылар арасында қары – қатынастарды реттеу бойынша арнайы семинарлар, тренингтер өткізу ұсынылды. Асқар мырза оқу ісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін қосымша шаралар қабылданатынын және оны тиімді жүзеге асыру үшін барлық қызметкерлердің ынтымақтастығы маңызды екенін айтты.

Шешім:

1. Әкімшілік процестердің ашықтығын арттыру: Барлық ішкі шешімдермен рәсімдер студенттермен қызметкерлерге ашық түрде жариялануы керек.
2. Қызметкерлердің білім деңгейін арттыру: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдармен этикалық нормалар бойынша тренингтер ұйымдастыруды жалғастыру.
3. Қаржылық бақылауды күшейту: Қаржылық есептілікті жүргізу жүйесін жетілдіру.
4. Студенттер мен оқытушылар арасындағы ашық қарым – қатынасты қамтамасыз ету: Студенттер үшін ашықтық пен әділдікті арттыру үшін арнайы пікір алмасу алаңдарымен онлайн жүйелерді енгізу.

Комиссия төрағасы
Колледж директоры:



А.А.Наушабекова